

№ 1 «31» «08» 2021ж
Педкеңесте қаралды:




Тақырыбы:
Қызықты математика

Сыныбы: МАД «в»
Орындады: Г.М.Тлеуова
Мектепалды даярлық тәрбиешісі
Ә/б отырысында қаралды:
/ М. Б. Төлекбаева *Төлекбаева*

№ 1 Хаттама 31 күні 08 айы 2021ж
Тексерілді: К. Ә. Әбимолда *Әбимолда*
Бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары

Аудандық білім бөлімінің

әдістемелік кабинетінің меңгерушісі:  _____

Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің

әдіскері:  _____ М. М. Ажимкин

Түсінік хат

Баланы мектепке дайындауда баланың білім алуға деген ынтасын, жеке басының танымдық тәжірибесін дамытуда ізденушілік іс - әрекетінің қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың ақыл ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбелеу мақсатында компьютерлік сауаттылыққа баулу - бүгінгі күн талабы. Сондықтан, балаға берілетін білім - білік дағдысы құралы ретінде қаралады.

Бағдарламада балалардың білім деңгейін толықтыра отырып, оның өздігінен орындайтын тапсырмалар, логикалық – ойлау және шығрмашылық қабілетін дамытатын, пәнге қызығушылығын арттыратын жаттығулар жүйесі, сонымен қатар логикалық, математикалық ойындар қамтылған.

Заманымыздың дамуына орай математикалық қызықты есептер алғы орынды иеленіп отыр. Балалар қызықты жаттығулардың көмегімен көп шытырман есептерді шеше біледі. Балаларды математикаға бейімдеудің маңызды шарты - сабақтарды қажетті құралдармен, материалдармен сонымен қатар оқу құралдарымен қамтамасыз ету болып табылады. Балаларға лабиринт, ребус әдістерін пайдалану тұрғысында осы бағдарламаны тиімді деп есептеймін. Аталған әдістер - баланың жас ерекшелігіне сай, жеңіл, әрі қызықты әдіс болып табылады.

Бұл әдістемелік құрал қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметінен оқушылардың ойын элементтерін пайдалана отырып, логикалық- ойлау қабілеттерін жетілдіруге, саналы, білімді, шыдамды азамат болып өсуіне үлкен септігін тигізеді.

Сондықтан осы «Қызықты математика» әдістемелік құралы аптасына 1 сағаттан, бір жылға 33 сағат болып жинақталған.

Осы әдістемелік құралын бала-бақша тәрбиешілеріне, бастауыш сынып мұғалімдері мен мектепалды даярлық мұғалімдеріне өз тәжірибелерінде қолдануға ұсынып отырмын.

Масаттары мен міндеттері

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектептегі математика курсы жүйелі оқуға жан жақты даярлау.
2. Балалардың ақыл- ой қабілетін, өз бетінше ойлауын, әр түрлі математикалық басқатырғыштарды қызығушылықпен шеше білуін қалыптастыру.
3. Дидактикалық ойындар, ойын есептер, дамытушы ойындар қолдану арқылы балалардың ой қиялын дамыту.
4. Ізденісті шығармашылығын қалыптастыру.
5. Өз бетінше жұмыс істеуге, ізденушілікке, басқатырғыштыққа, тапқырлыққа баулу.
6. Тіл байлығын, сөздік қорын молайту.
7. Сан көмегімен қоршаған ортаны қабылдауын қамтамасыз ету.
8. Уақыт, кеңістік туралы бағдарына көмектесу, танымдық қабілетін дамыту.

Бағдарлама соңында күтілетін нәтиже

1. Мектептегі математика пәнін жүйелі оқуға жан - жақты дайын болады. Балалардың шығармашылығы артады, өз бетінше ойлауы қалыптасады.
2. Ойындар, ойын есептер, дамытушы ойындар қолдану арқылы балалардың ой- қиялы дамиды.
3. Сан көмегімен қоршаған ортаны қабылдау ұғымы қалыптасады.

Қызықты математика

№	Тақырыбы	Мақсаты	Тапсырмалар	Сағат саны	Күні									
1	Ұқсасын тап	Заттарды кеңістіктегі орнына, көлеміне қарай салыстыру.	Шашылып жатқан ойыншықтардың жұбын тап	1	01.09									
2	Қайсысы үлкен, қайсысы кіші?	Балаларды үлкен-кіші ұғымымен таныстыру, салыстыра білуге үйрету, ойлау қабілетін дамыту.	Доптың суретін салу, ол үлкен болса қызылмен, ал кіші болса көкпен боя.	1	08.09									
3	Қайсысы биік, қайсысы аласа?	Ұғымдарды қалыптастыруға жаттықтыру, тілін, ойын дамыту.	Жираф-биік жануар, сарғыш қоңыр, аяғы төртеу, мойныұзын, жаңылыспай танып ал	1	15.09									
4	Ребус шешу	Сурет пен цифрларды пайдаланып тұжырым жасау.	Ребус шешу	1	22.09									
5	Қайқолымдазаткөп?	Көп ұғымынан бөліп алуға үйрету.	Торкөздің 1 көзін боя, 2 көзін боя	1	29.09									
6	Санамақтар	Санамақтар арқылы тілін дамыту, ақыл-ойын жетілдіру, санау дағдысын меңгерту.	Санамақтар жаттау	2	04.10 13.10									
7	Өлеңесептерді шеш	Өлең есептерді шешу арқылы балалардың ойын, тілін дамыту, есеп құрастыруға үйрету.	Өлең есептер шешу	1	20.10									
8	Сандардың көршілерін тап	Логикалық – ойлау қабілеттерін дамыту, сандар қатарын меңгерту.	<table border="1" style="display: inline-table; vertical-align: middle;"> <tr><td></td><td>2</td><td></td></tr> <tr><td></td><td>5</td><td></td></tr> <tr><td></td><td>7</td><td></td></tr> </table>		2			5			7		1	27.10
	2													
	5													
	7													
9	Қандай түс?	Түстерді айыра білу, есте сақтау қабілетін дамыту.	Дөңгелектер қызыл, Үшбұрыштар жасыл, Төртбұрыштар сары түстермен боя	1	10.11									
10	Онғатолтыр	10 көлеміндегі сандардың құрамын толық меңгерту.		2	17.11 24.11									
11	Мақалдар	Математикалық элементтің қатысуымен мақалдар жаттау, тілін дамыту.	Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеуі түгел болса, төбедегі келеді	2	01.12 08.12									
12	Лабиринт	Шым-шытырық сызықтарды пайдаланып тұйықтан шығабілуге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту.		2	15.12 22.12									
13	Сандармен ойнайық	Сандар қатарын меңгерту, ойлау қабілетін дамыту.	4 1 3 5 6 2 Т М К Е П Е	1	29.12									
14	Логикалық есептер	Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ақыл - ойындамыту.	Ең аз сан? Ең жақсы баға? т.б.	1	12.01									
15	Пішіндермен толықтыр	Ойлау қабілетін дамыту.		1	19.01									

16	Математикалық көңілді сабақтар	Санау, есептеу дағдысын қалыптастыру. Алған білімдерін бекіту.		1	26.01
17	1-20 көлемінде санау	20-ға дейінгі сандар қатарымен таныстыру, реттік санауға үйрету.	«Дүкен» ойыны	1	02.02
18	Екі таңбалы сандарды оқу, жазу, және салыстыру.	Екі таңбалы сандардың ондықтардан, бірліктерден тұратынын меңгерту.	«Жоғалған санды тап» ойыны	2	16.02 23.02
19	Бірдей қосылғыштардың қосындысын табу	Бірдей қосылғыштардың қосындысын табудың мән-мағынасын ашу	«Не жоқ?», «Не өзгерді?»	2	02.03 09.03
20	Мысалдарды шеш	Суреттер арасында берілген сандарды, амалдарды орындау арқылы есептер шығара білуге үйрету	Суреттер	1	16.03
21	Заттарды санау	Апта күндерінің, жыл мезгілдерінің, айдың атауларымен таныстыру, оларды ретімен атауға үйрету.	«Ненің қайда орналасқанын тап» ойыны	1	06.04
22	Сандар сыры	Сандар сыры туралы ұғым беру. Балалардың дүниетанымын қалыптастыру, ынтасын арттыру, есте сақтау қабілетін дамыту.	«Не өзгерді?» ойыны	1	13.04
23	Математикалық ертегілер	Баланың логикалық ойлауы, шығармашылық қабілетін дамыту.	«Цифрлар айтысы» ертегісі	1	20.04
24	Екі таңбалы сандарды оқу, жазу, және салыстыру.	Екі таңбалы сандардың ондықтардан, бірліктерден тұратынын меңгерту.	«Жоғалған санды тап» ойыны	2	27.04 04.05
25	Өтілген материалдарды қайталау	Оқу жылынды оқып үйренген мәселелерді балалардың игеру дәрежесін анықтау.	«Әрі қарай сана» ойыны	2	11.05 18.05
	Барлығы			33	

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу
2. Мектепалды даярлық топтары мен даярлық кластарына арналған оқу – әдістемелік жинағы
3. «Танысалық, математика », «Алматы- мектеп»
4. Қызықты жаттығулар, Б. М. Қосанов
5. Математикалық әдістемелік нұсқау, Алматы - мектеп
6. «Отбасы және балабақша» журнал тізбектері
7. «Әліппе тілашар». Е. Дүйсенбай «Ана тілі»
8. «Санауды үйренейік» Алматы М. Сәтімбекова,З. Еденбаева. журналдары
9. «Ойнайық та, ойлайық» З. Д. Еденбаева, «Рауан»
10. Мектепке дейінгі педагогика. Ә. Мекжанова
11. Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламасына арналған ойындар. Е.Г Батурина
12. «Бала тәрбиесі» журналы